



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

5B050300 – Психология мамандығы

БАКАЛАВРИАТ даярлау жүйесі

- **Оқу мерзімі** – 4 жыл
- **Біліктілік** – «Психология» мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалавры.
- Бітіруші психологтар отандық, таяу және алыс шетел университеттерінде магистратура мен PhD докторантура бойынша кәсіби білімдерін білім беру гранты және стипендияларымен жалғастыра алу мүмкіндіктеріне ие бола алады.



- «Психолог» мамандығы қазіргі кезде әлемдегі ең танымал бес мамандықтың қатарына енеді. Қазіргі таңда психологиялық ғылым адам қызметінің әр түрлі салаларына – білім беру, бизнес, саясат, басқару, медицина, жарнама және т.б. сияқты салаларға қарқынды түрде еніп келеді. Ғалымдар ХХІ ғасыр психология ғасыры болады деп болжам жасап отыр.
- Психология мамандығы бойынша оқыту қазақ және орыс тілдерінде гранттық (бюджеттік) және коммерциялық негізде үш сатылы жүйе (бакалавриат, магистратура, PhD-докторантура) бойынша жүзеге асырылады.

Төрт жыл білім алғаннан кейін психология бөлімін бітірушілер жұмыс жасай алады:

беру мекемелерінде психология бойынша оқытушы (мектеп, гимназия, колледж және т.б.).

Денсаулық сақтау, білім және отбасы қызметі жүйелерінде практикалық психолог;

Мемлекеттік басқару органдарында және қоғамдық ұйымдарда кеңес беруші психолог;

Саяси психолог, имиджмейкер;

Әр түрлі мекемелердің кадрлық бөлімінде HR менеджер;

ІІМ және ҰҚК органдарында, түзету мекемелерінде және әскери бөлімшелерінде психолог;

Психолого-психиатриялық соттық экспертизалардағы психолог және т.б.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының жетістіктері:

- 1988 жылдан бастап маман даярлаудағы жетекші кафедра. Ширек ғасырдан астам уақыттан бері психология бөлімінің студенттерін кәсіби даярлау, сонымен қатар психологтардың жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі бойынша (тағылымдама, магистратура, PhD докторантура) ғылыми-зерттеушілік тұрғыда даярлықты қамтамасыз етіп келеді. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы әлемнің жетекші университеттерінен кәсіби білім алған - 15 докторы және PhD докторлардан, 12 психология ғылымдарының кандидаттарынан құралған.
- Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы ҚР Жоғарғы оқу орындарының тәуелсіз рейтингісінде психолог мамандарды даярлау бойынша I орынға ие.



Университет Сіздің таңдаған мамандығыңызды сапалы әрі тиімді түрде меңгеру үшін келесідей мүмкіндіктер мен ресурстарға ие:

- Басқа қаладан келген студенттерге жатақханадан орын беріледі;

- Толыққанды оқу мен демалу үшін барлық жағдай жасалынған: кітапханалар, компьютерлік сыныптар, спорт кешені, Студенттер сарайы, Интернет орталығы;

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы;

- ҚазҰУ медициналық-диагностикалық орталығы;

ҚазҰУ стадионы мен спорт кешеніне, Ыстықкөл спорттық-сауықтыру лагеріне;

- Ер балалар қосымша әскери мамандық ала алады;

Академиялық ұтқырлық оқытудың инновациялық көзі ретінде барлық сатыдағы студенттерге шетелдік жетекші университеттер мен ғылыми орталықтарға мамандық бойынша бара алады, сондай-ақ коммерциялық бөлімнен грантқа ауыса алады және шетелдік жоғары оқу орындарында жарты жыл оқып келуге мүмкіндік береді

*Абитуриенттерге арналган
профильдік пәндер:*

*Бірінші
профильдік пән –
математика*

*Екінші
профильдік пән -
география*



- Психология бөлімі жайлы қосымша ақпаратты мына мекен-жай арқылы білуге болады: Қазақстан Республикасы, 050038, Алматы қаласы, Масаншы көшесі, 39/41 Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы. Философия және саясаттану факультеті
- Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы
- тел. +7 (727) 2925717 (ішкі.: 2131)

- Дүниенің ең басты жұмбағы – адам!



**Қабылдау комиссиясының
мекен-жайы: әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби даңғ, 71.**